



**«Бәйтерек» ұлттық  
басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі  
сырттай отырысының  
2018 жылғы «13»  
қарашадағы шешіміне  
(№ 10/18 шешім)  
№ 7 қосымша**

**«Бәйтерек» ұлттық  
басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі  
сырттай отырысының  
2018 жылғы «13»  
қарашадағы шешімімен  
(№ 10/18 шешім)  
Бекітілген**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі шешімімен  
(№ 04/15 хаттама) бекітілген «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті  
туралы ережеге толықтырулар**

1. 13-тармақ мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы Омбудсменнің есебін жылына кемінде бір рет тыңдайды.

15) Омбудсмен қызметінің нәтижелеріне бағалау жүргізеді.»;

2. мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1. Тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі, егер Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде осы тұлғаның аудит жөніндегі комитетке мүшелігі Жалғыз акционердің немесе Холдингтің мүддесінде қажет деп шешсе, комитет құрамына сайлана алады. Осы тағайындау туындаған кезде Директорлар кеңесіне осы тұлғаның тәуелділік сипатын ашып, осындай шешімді негіздеу қажет.».

---

«Бәйтерек» ұлттық  
басқарушы холдингі» акционерлік  
қоғамының Директорлар  
кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**  
«Бәйтерек» ұлттық  
басқарушы холдингі» акционерлік  
қоғамының Директорлар  
кеңесінің 2015 жылғы  
21 сәуіріндегі №04/15 шешіміне  
№4-қосымша



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті туралы ережесі**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті туралы осы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) ішкі құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Холдингінің Корпоративтік басқару кодексіне, Холдингінің Директорлар кеңесі туралы ережесіне және корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес әзірленген.

2. Осы Ережеде қолданылатын анықтаулар мен ұғымдар:

**Жалғыз акционер** – Қазақстан Республикасының Үкіметін немесе оның анықтаған Холдингінің акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырушы тиісті саласының уәкілетті органы;

**заңнама** – белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

**Комитет** – Холдинг Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті;

**Комитетты** – Холдинг Директорлар кеңесінің комитеттері;

**Корпоративтік хатшы** – Холдингінің Корпоративтік хатшысы;

**Тәуелсіз директорлар** – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес тәуелсіз болып анықталатын директорлар;

**Ішкі аудит қызметі** – Холдингінің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласында құжаттарды орындауды жүзеге асыртын орган;

**Директорлар кеңесі** – Холдингінің басқару органы;

**Басқарма** – Холдингінің атқарушы органы;

**Жарғы** – Холдинг жарғысы.

3. Осы Ереже Комитеттің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібін және атқарымдарын, оның отырыстарын шақыру тәртібі мен жүргізуін, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды.

4. Комитет Холдинг Директорлар кеңесінің үнемі әрекет ететін консультативтік-кеңес органы болып табылып, Холдингінің қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүйесін орнату (соның ішінде қаржы есептілігінің толықтығы мен анықтығы үшін), ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін мониторингтеу, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, ішкі және сыртқы аудиттың тәуелсіздігін бақылау бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылады.

5. Комитеттің берілген барлық ұсыныстары хаттама (шешім) ретінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

6. Өз қызметінде Комитет Директорлар кеңесіне есепті және Холдингтің Директорлар кеңесінің оған берген өкілеттіктері және осы Ереже шегінде қызмет етеді.

7. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, Холдингтің Жалғыз акционерінің, Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдерін, Холдингтің Жарғысын, Холдингтің Директорлар кеңесі туралы ережесін, осы Ережесін және басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

## **2-тарау. Комитеттің құзыреті мен өкілеттіктері**

8. Комитет қызметі оның құзыретіне жататын мәселелерді алдын-ала қарау, талқылау және олар бойынша ұсыныстар беру арқылы Холдинг Директорлар кеңесіне жәрдемдесуге бағытталады.

9. Комитет құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- есеп және қаржылық есептілік;
- ішкі аудит және тәуекелдерді басқару;
- сыртқы аудит;
- ішкі аудит және корпоративтік басқару;
- заңнаманы сақтау.

**10. Есеп және қаржылық есептілік мәселелерін қарау құзыреті шеңберінде Комитет келесі өкілеттіктермен үлестіріледі:**

1) Холдинг басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржылық есептілігін, қаржылық есептілікте қолданылған қағидаттардың негізділігі мен тиімділігін, қаржылық есептіліктегі маңызды бағалау көрсеткіштерін, есептіліктің маңызды түзетулерін талқылайды;

2) Холдинг басшылығымен, ішкі және сыртқы аудиторлармен Холдингтің есеп саясатында (соның ішінде корпоративтік) ұсынылатын (болжамды) өзгертулерді, сондай-ақ осы өзгертулердің есептілік мазмұнына әсер етуін талқылайды;

3) Холдингтің есеп саясатын алдын-ала мақұлдайды (соның ішінде корпоративтік);

4) Холдингтің жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала мақұлдайды.

**11. Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қарау құзыреті шеңберінде Комитет келесі өкілеттіктермен үлестіріледі:**

1) Холдинг Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың негіздері, компоненттері және қағидаттары бойынша ұсынымдар дайындайды;

2) тәуекелдер туралы есептіліктерін және Холдинг тәуекелдерін басқару жөніндегі жоспарларын, сондай-ақ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жағдайы туралы ішкі және сыртқы аудиторлардың бағалауын және ұсыныстарын есептіліктерін талдайды;

3) Холдингінің ішкі бақылау құралдары мен қауіп-қатерді басқару жүйесінің тиімділігін талдайды, сондай-ақ осы және осымен байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

4) Холдингінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты ішкі және сыртқы аудиторлары ұсынымдарының сақталуына бақылау жүргізеді;

5) маңызды тәуекелдерді және бақылау мәселелері мен Холдингінің тәуекелдерін басқару және ішкі бақылауына қатысты жоспарларын қарастыру үшін Холдинг басшылығымен үнемі жиналыс өткізеді;

6) тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Холдингінің саясаты мен тәсілдемелерін алдын-ала мақұлдайды;

7) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған Холдингпен әзірленген іс-шаралардың (түзетулер) нәтижесі мен сапасын талдайды;

8) тәбет тәуекелін анықтау бойынша әдіснамасын, тәуекелдерді басқару стратегиясын қарайды және алдын-ала мақұлдайды.

**12. Сыртқы аудит мәселелерін қарау құзыреті шеңберінде Комитет келесі өкілеттіктермен үлестіріледі:**

1) сыртқы аудиторды тағайындау және ауыстыру қажеттілігі, Холдингінің аудитін жүргізетін сыртқы аудиторға еңбекақыны белгілеу, сыртқы аудитордың қызмет сапасын бағалау, сыртқы аудитордан ілеспе қызмет алу бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындайды;

2) сыртқы аудитордың Холдингке көрсететін (көрсетуді жоспарлайтын) ілеспе қызметінің тізімін сыртқы аудитордан алуды қамтамасыз етеді және оны аудитормен талқылайды. Ілеспе қызметтердің аудитордың тәуелсіздігімен қаншалықты үйлесімді екенін бағалайды. Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың қабылдануын ұсынады;

3) сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алуды алдын-ала мақұлдайды;

4) Холдингінің жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу бойынша келісім (келісім-шарт) жобасының маңызды шарттарын алдын-ала мақұлдайды;

5) ұсынылатын жоспар мен аудит көлемінің Холдингінің Директорлар кеңесінің сұранысына қаншалықты сай келетінін сыртқы аудитормен талқылайды;

6) жылдық және аралық аудит нәтижелерін, аудит нәтижелері бойынша Холдинг жауабын қоса алғанда, сыртқы аудитормен бірге қарастырады;

7) сыртқы аудитормен жарты жылда бір реттен кем емес Холдинг басшылығының қатысуынсыз жиналыс өткізеді.

**13. Ішкі аудит және корпоративтік басқару мәселелерін қарау құзыреті шеңберінде Комитет келесі өкілеттіктермен үлестіріледі:**

1) Холдингінің Ішкі аудит қызметінің қызметіне жетекшілік етеді;

2) Холдингінің Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Холдингінің Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы мен сыйақысының көлемі мен

шарттарын, сондай-ақ Холдингтің Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын белгіленген тәртіп бойынша алдын-ала мақұлдайды;

3) Холдингтің Ішкі аудит қызметі туралы және Холдингтің Ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін басқа құжаттарға қатысты ережелердегі өзгертулерді алдын-ала мақұлдайды, сондай-ақ Холдингтің Ішкі аудит қызметінің оның басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

4) Холдингтің Ішкі аудит қызмет басшысының және басқа қызметкерінің кандидатурасын, сондай-ақ оның уәкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын белгіленген тәртіп бойынша алдын-ала мақұлдайды;

5) Холдингтің ішкі аудиті саясаты мен тәсілдемелерін алдын-ала мақұлдайды;

6) Холдингтің Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, және белгіленген тәртіп бойынша Холдингтің Ішкі аудит қызметінің құрылымын, штаттық санын және оған жұмсалатын бюджет шығынын алдын-ала мақұлдайды;

7) жалпыланған нұсқада жұмыс нәтижесін және маңыздырақ аудиторлық түсініктемелерді көрсететін ішкі аудиттің тұрақты есептіліктерін талдайды;

8) Холдингтің Ішкі аудит қызметінде алға қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін бар шектеулер мәселелерін қарастырады және осы шектеулерді жоюға жәрдемдеседі;

9) Холдингтің ішкі аудит Қызметі басшысымен тоқсан ішінде бір реттен кем емес, Холдинг басшылығының қатысуынсыз жиналыс өткізеді;

10) Холдингтің Ішкі аудит қызметі жұмысына белгіленген тәртіп бойынша бағалау жүргізеді;

11) Холдингтің Ішкі аудит қызметіне ерекше жағдайларда қызығушылық танытатын мәселелерге (Холдингтің Ішкі аудит қызметінің тексеру міндеті) тәуелсіз тексеріс (бағалау) жүргізуді тапсырады;

12) Холдинг Басқармасының Холдингтің Ішкі аудит қызметінің қызығушылық танытатын мәселелерге тәуелсіз тексеріс жүргізуіне қатысты қажеттілігі туған жағдайда, Холдингтің Басқарма Төрағасы аталған тәуелсіз тексерісті (бағалауды) жүзеге асыруға рұқсат алу үшін Комитетке жүгінеді;

13) Корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындаумен байланысты мәселелерді қарастырады, және Холдингтің Директорлар кеңесіне оның ішінде Холдингтің Ішкі аудит қызметімен дайындалған мәліметтерді қолдана отырып осыған қатысты ұсыныстар береді.

**14. Заңнаманы сақтау бойынша мәселелерді қарау құзыреті шеңберінде Комитет келесі өкілеттіктермен үлестіріледі:**

1) Холдинг заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын Холдингтің ішкі тәсілдемелерінің тиімділігін бағалайды;

2) заңнаманың сақталу мәселелері бойынша Холдинг басшылығының, ішкі және сыртқы аудиторлардың, реттеуші органдардың есептерін алады және зерделейді.

**15. Комитеттің басқа да өкілеттіктері:**

1) Холдингінің Директорлар кеңесіне қажеттілік жағдайында арнайы тергеу (тексеріс) жүргізу туралы, соның ішінде тәуелсіз кеңесшілерді (сарапшыларды) тарту арқылы, ұсынымдар дайындайды;

2) Холдинг жекеменшігіне қатысты заңға қайшы іс-әрекеттері туралы жағдайларын топтастырады және талдайды және Холдингінің Басқармасымен болашақта Холдинг жекеменшігіне қатысты заңға қайшы әрекеттердің алдын алу үшін қабылданған шаралардың лайықтылығын бағалайды;

3) бағалаушының еңбекақысының көлемін белгілеу бойынша Холдингінің Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындайды;

4) Директорлар кеңесінің және/немесе Холдингінің ішкі құжаттарының Ережелеріне сәйкес өз құзыреті шеңберінде басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді.

### **3-тарау. Комитет және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

16. Жүктелген өкілеттіктерді іске асыру мақсатында Комитет және оның мүшелері келесі құқықтармен үлестірілген:

1) Директорлар кеңесі мүшелерінен, Комитеттерден, Басқармадан, ішкі аудит Қызметінен, Корпоративтік хатшыдан және Холдингінің басқа да қызметкерлерінен өз құзыретінің шеңберінде құжаттарды, есептерді, түсініктемелер мен басқа да ақпараттарды сұрауға;

2) Директорлар кеңесі, Басқарма, Комитеттер, ішкі аудит Қызметі мүшелерін, сыртқы аудитор өкілдерін және тәуелсіз кеңесшілерді (сарапшыларды) және басқа да тұлғаларды өз отырыстарына Холдинг қызметкерлерінің бақылаушылары ретінде шақыруға;

3) Ішкі және сыртқы аудиторлармен Холдинг басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз жиналыстар өткізуге;

4) осы Ережемен белгіленгендей, Комитеттің қарауына кіретін мәселерге қатысты кез-келген тексерістерді өткізуге немесе бастамашылық етуге;

5) Холдинг Директорлар кеңесінің өз қызметі мәселелеріне қатысты шешімдер мен тапсырмаларды тексеруге және бақылауға қатысуға;

6) осы Ережеге түзетулер мен қосымшаларды енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеуге және енгізуге;

7) Комитет қызметіне қатысты құжат жобаларын әзірлеуге және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынуға;

8) Комитет отырысының өткізілуін талап етуге және Комитеттің күн тәртібіне мәселелерді енгізу;

9) жүктелген міндеттемелерді орындауға қажетті басқа құқықтармен пайдалану.

17. Комитет және оның мүшелері міндетті:

1) жалпы Холдингінің және Жалғыз акционердің мүдделеріне, осы Ережеге сәйкес өз қызметін адал және сапалы орындауға;

2) өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт бөлуге;

3) Комитеттің жұмысына атсалысуға және оның көзбе-көз отырыстарына қатысуға;

4) Холдинг Директорлар кеңесінің талабы бойынша өз қызметтерінің нәтижелері бойынша Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп беруге;

5) Комитет қызметін жүзеге асыру шеңберінде алынған ақпараттың құпиялығын сақтауға;

6) Холдингтің Директорлар кеңесіне өзінің тәуелсіз директор мәртебесіндегі кез-келген өзгерістер немесе Комитетпен қабылдануы тиіс шешімдерімен байланысты мүдделер қақтығысының туындауы жайлы хабарлауға.

#### **4-тарау. Комитет құрамы, тағайындау тәртібі және өкілеттігінің мерзімі**

18. Комитеттің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның Төрағасын және мүшелерін тағайындау, және де олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Холдинг Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Комитеттің сандық құрамы Холдинг Директорлар кеңесі мүшелерінен және осы комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие сарапшылардан құрылады.

19. Комитет кем дегенде екі мүшеден құрылуы тиіс, олар Тәуелсіз директорлар болуы қажет. Комитет Төрағасы Тәуелсіз директорлар қатарынан тағайындалады.

20. Комитет Төрағасы мен мүшелері Холдинг Директорлар кеңесінің қарапайым көпшілік дауысымен тағайындалады.

21. Комитет құрамында ең аз дегенде бір мүшесі бухгалтерлік есеп және/немесе қаржылық есептілікті дайындау және/немесе қаржы және/немесе аудит бойынша терең білушілікке ие болуы қажет.

22. Комитет мүшелерінің өкілеттігінің мерзімі Директорлар кеңесі мүшелері өкілеттігінің мерзіміне сәйкес келеді.

23. Комитет Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын таратылуы мүмкін.

#### **5-тарау. Комитет Төрағасы**

24. Комитет Төрағасы басшылық ететін Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, соның ішінде:

1) Комитет отырысын шақырады, Комитет отырысының өткізілу нысанын анықтайды және онда төрағалық етеді;

2) Комитет отырысының күн тәртібін, соның ішінде Комитет отырысында қарастырылатын мәселелер мазмұнын бекітеді;

3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Комитет отырыстарында мәселелердің талқылануын ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған тұлғалардың пікірін тыңдайды;



5) Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерімен, Холдинг Басқармасы мүшелерімен, Ішкі аудит қызметімен және Холдингтің құрылымдық бөлімшелерімен Комитеттің шешім қабылдауына қажет жеткілікті және шынайы ақпаратты алу мақсатында және Холдингтің Директорлар кеңесімен тиімді қарым-қатынас қамтамасыз ету мақсатында үнемі байланыста болады;

6) мүшелер арасында міндеттерді үлестіреді, оларға және Комитет хатшысына дара мәселелерді зерделеумен және Комитет отырысында қарастыру үшін қажет мәліметтерді даярлаумен байланысты тапсырмалар береді;

7) Комитет шешімдеріне қатысты жұмыстарды қамтамасыз етеді және үйлестіреді;

8) Директорлар кеңесі отырыстарының жоспарын есепке ала отырып, ағымдағы жылдың кезекті отырыстардың жұмыс жоспарын әзірлейді және бекітеді, Комитет шешімдері мен тапсырмаларының орындалуын бақылайды;

9) Комитет жұмысының нәтижелері бойынша Холдингтің Директорлар кеңесінің алдында Ережемен белгіленген мерзім мен тәртіп бойынша есеп береді.

## **6-тарау. Комитет Хатшысы**

25. Комитет жұмысын ұйымдастыру және ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша атқарымдарды Комитет Хатшысы жүзеге асырады. Корпоративтік хатшының орынбасары – Корпоративтік хатшылық Қызметінің басшысы Комитет Хатшысы болып табылады.

26. Комитет Хатшысы қамтамасыз етеді:

1) Комитет отырыстарын дайындау және өткізу;

2) отырыстар үшін мәліметтерді жинау және жүйелеу;

3) Комитет мүшелері мен шақырылған тұлғаларға Комитет отырысының өткізілуі туралы хабарлама, отырыстың күн тәртібін, және күн тәртібіне қатысты мәліметтерді өз уақытында жіберу;

4) отырыстарды хаттамалау және Комитет отырыстарының хаттамаларын (шешімдерін, бюллетендерін) кейінгі сақтау;

5) Комитет отырыстары хаттамаларының (шешімдерінің) үзінді көшірмелерін қажеттілігіне қарай беру.

## **7-тарау. Комитеттің жұмыс тәртібі**

27. Комитет отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, бірақ тоқсанына бір реттен кем болмауы тиіс. Қажетті болған жағдайда Комитет кезектен тыс отырыстарын өткізеді.

28. Кезекті және кезектен тыс Комитет отырыстары оның Төрағасының бастамасымен немесе төмендегілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Жалғыз акционердің;

2) Директорлар кеңесінің;

- 3) кез келген Комитет мүшесінің;
- 4) Холдинг Ішкі аудит қызметінің.

Комитет Төрағасы отырысты шақыруға қарсы болған жағдайда, бастамашы аталған талаппен Комитет отырысын шақыруға міндетті Холдингтің Директорлар кеңесіне баруға құқылы.

29. Комитет отырыстары күндізгі және сырттай нысанда өткізіледі.

30. Егер Холдинг Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының күн тәртібіне Комитет құзыретіне жататын мәселелер енгізілген болса, Комитеттің күндізгі отырысы Холдинг Директорлар кеңесі сәйкесті отырысынан алдын өткізіледі. Егер Холдинг Директорлар кеңесінің сырттай отырысының күн тәртібіне Комитет құзыретіне жататын мәселелер енгізілген болса, Комитеттің сырттай отырысы Холдинг Директорлар кеңесі сәйкесті отырысынан алдынала 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей өткізіледі.

31. Комитет отырысын өткізу туралы хабарлама Комитет хатшысымен Комитет мүшелеріне тиісті отырысты өткізу күнінен алдын 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жіберіледі.

Хабарламада болуға тиіс:

- отырысты өткізудің жері мен уақыты;
- отырысты өткізу нысаны (күндізгі немесе сырттай).

Хабарламаға міндетті түрде қосылады:

- Комитет отырысының күн тәртібі;
- Холдинг Басқарма Төрағасының немесе мүшесінің, не отырыс тәртібіне мәселелерді қосуды бастамашы тұлғалардың қолы қойылған отырыс тәртібінің қарастыратын Комитет мүшелерінің атына әр мәселесі бойынша түсініктеме хаттар;

- әр шығарылатын мәселе бойынша Холдинг Басқарма Төрағасының немесе мүшесінің, не отырыс тәртібіне мәселелерді қосуды бастамашы тұлғалардың қолы қойылған Комитет шешімдерінің жобасы;

- Холдинг Басқарма Төрағасының немесе мүшесінің, не отырыс тәртібіне мәселелерді қосуды бастамашы тұлғалардың қолы қойылған қаралуға тиіс құжаттардың жобалары;

- Холдинг Басқармасы отырысының хаттамасынан үзінді (керек болған жағдайда);

- Комитеттің сырттай дауыс беру бюллетені (сырттай отырыс өткізген жағдайда);

- күн тәртібі мәселелерін қарастыру және талдауға қажет болған басқа құжаттар болған жағдайда (презентациялар, мемлекеттік органдар шешімдерінің көшірмесі және (немесе) аталған мәселелерді күн тәртібіне енгізуін негізделген анықтама мәліметтері).

32. Комитет отырысының қатысушылары болып оның Төрағасы, мүшелері және хатшы болып табылады.

Комитет отырыстарында оның шақыруымен келесі тұлғалар қатыса алады (қоса алғанда, бірақ шектемей):

- 1) Холдинг Ішкі аудит қызметінің басшысы;

- 2) сыртқы аудитордың өкілдері;
- 3) Холдинг қызметкерлері;
- 4) күн тәртібі бойынша ақпарат алу үшін белгіленген тәртіп бойынша тартылған тәуелсіз кеңесшілер (сарапшылар).

Комитет отырысына шақырылған қатысушылардың тобы күн тәртібі мәселелеріне жауапты тұлғалармен шектелуі тиіс.

33. Қажет болған жағдайда, Комитет Холдинг басшылығымен, оның сыртқы және ішкі аудиторларымен жеке отырыстар өткізуі мүмкін.

34. Комитет отырыстарында төрағалық ететін Комитет Төрағасы. Оның отырыста болмай қалған жағдайында, Комитет мүшелері отырыста төрағалық ететінді қатысып отырған мүшелер санынан жай дауыстың көпшілігімен тағайындайды.

35. Комитет мүшелері санының жартысынан кем емесі қатысқан жағдайда, Комитет отырысы құқықты болып табылады. Сондай-ақ Комитет отырысына бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-бейне байланысы) арқылы қатысуға рұқсат етіледі, конференц-байланыс (Комитет мүшелерінің «телефон арқылы жиналысы» тәртібінде бір уақытта сөйлесуі), сонымен қатар басқа байланыс құралдарын қолдану жолымен қатысу.

36. Комитет шешімдері Комитет мүшелері жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Мәселелерді шешу барысында әрбір Комитет мүшесі бір дауысқа ие. Комитет мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаларға, оның ішінде Комитеттің басқа мүшелеріне беруге рұқсат етілмейді. Дауыс беру кезінде Комитет мүшелері дауыстарының саны тең болған жағдайда, Комитет отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

37. Әр күндізгі Комитет отырысының нәтижесі бойынша хаттама жазылады, әр сырттай Комитет отырысының нәтижесі бойынша шешім жазылады. Хаттама (шешім) отырыс өткізілген күннен кейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей жазылады және оған қол қойылады. Хаттамаға Комитет Төрағасы немесе оның міндетін атқарушы хаттама мазмұнының дұрыстығына жауапты тұлға, Комитет мүшелері және хатшысы қол қояды. Сырттай отырыс өткізген кезде осы Ережеге сәйкес 1-қосымшадағы нысанды толтыру арқылы сырттай дауыс беру бюллені қолданылады.

38. Отырыс хаттамасында (шешімінде) көрсетіледі:

- 1) Комитет отырысының күні, орны мен уақыты, өткізу нысаны;
- 2) Отырысқа (сырттай дауыс беру арқылы) қатысқан Комитет мүшелерінің тізімі, сондай-ақ Комитет отырысына қатысқан басқа тұлғалардың тізімі (күндізгі отырысында);
- 3) Комитет отырысының күн тәртібі;
- 4) күн тәртібі мәселелеріне қатысты Комитет мүшелерінің негізгі ұсыныстары;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары, барлық қабылданған шешімдер.

## **8-тарау. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі**

39. Комитет мүшесі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес оның әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген залал, соның ішінде жаңылысуға келтіретін ақпаратты ұсыну, немесе көрінеу жалған ақпарат нәтижесінде келтірілген шығын үшін Холдинг алдында және Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

## **9-тарау. Қорытынды ережелер**

40. Осы Ереже және оған түзету мен қосымшалар Холдинг Директорлар кеңесімен бекітіледі.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің аудит бойынша  
Комитетінің отырыстарына сырттай дауыс беру  
Бюллетені**

Астана қ.

№

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Комитет мүшесі \_\_\_\_\_

**«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» (бұдан әрі – «Бәйтерек»  
ҰБХ» АҚ ) акционерлік қоғамының орналасқан орны:  
Отырыстың өткізілуіне бастамашы:**

**Күн тәртібі:**

1. ....
2. ....
3. ....

**ШЕШІМ:**

ҚОЛДАЙМЫН       ҚАРСЫМЫН  
(ерекше пікір)       ҚАЛЫС ҚАЛДЫМ  
(ерекше пікір)

**Ескерту:** ерекше пікір жеке жазбаша түрде қоса тіркеледі

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:**

ҚОЛДАЙМЫН       ҚАРСЫМЫН  
(ерекше пікір)       ҚАЛЫС ҚАЛДЫМ  
(ерекше пікір)

**Ескерту:** ерекше пікір жеке жазбаша түрде қоса тіркеледі

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша:**

ҚОЛДАЙМЫН       ҚАРСЫМЫН  
(ерекше пікір)       ҚАЛЫС ҚАЛДЫМ  
(ерекше пікір)

**Ескерту:** ерекше пікір жеке жазбаша түрде қоса тіркеледі

**Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша:**

**ҚОЛДАЙМЫН**

**ҚАРСЫМЫН**  
(ерекше пікір)

**ҚАЛЫС ҚАЛДЫМ**  
(ерекше пікір)

**Ескерту:** ерекше пікір жеке жазбаша түрде қоса тіркеледі

**Бюллетенді толтыру тәртібіне қатысты түсіндіру:**

Осы бюллетенде дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Комитет мүшесі берілген бағананың астына өзінің қолын (немесе қанат белгісін) қояды: «Қолдаймын», «Қарсымын», «Қалыс қалдым». Комитет мүшесі «Қарсымын» немесе «Қалыс қалдым» деп дауыс берген жағдайда өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы, ол жеке, жазбаша түрде қоса тіркеледі.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің аудит бойынша Комитетінің хатшысына қол  
қойылған бюллетень тапсырылған нақты күн: \_\_\_\_\_ 20  
жыл**

**Сырттай дауыс беру бюллетені мекенжай бойынша ұсынылады:**

**Комитет мүшесі:**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл